



## Ар үшін туған арысым

Биыл кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толып отыр. 1979-1989 жылдар аралығында бұрынғы Кеңес Одағының 620 мың әскери қызметшілері Ауғанстан жеріне аттанған болатын. Олардың 15 мыңнан астамы сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тапты, мыңдаған азаматтар жарақатпен оралды. Атырау облысынан 680 адам қатысты. 14 адам қаза тауып, 1 адам хабар – ошарсыз кетті. Жерлестеріміздің ерен еңбегі келешек жастарға үлгі, еңбегі қашанда елеулі.

Атырауда Ауған соғысынан 435 ардагер тұрады. Соның ішінде 10 батырымыз зауыт қызметкерлері. Оның үшеуі зейнеткер болса, жетеуі кәсіпорындағы қызметін жалғастыруда.

Әр жылы 15 ақпанда ауған соғысынан қаза тапқан жандарды еске алып, ардагерлер ұлықталады. Осы үрдіспен Атырау мұнай өңдеу зауыты кәсіпорында қызмет ететін Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырды. Зауыт жастарымен жүздесу барысында ардагерлер өз оқиғалары мен сол заманның естеліктерімен бөлісті.

Тыңдаған құлаққа ауыр соққан соғыста бұл жандардың өз өмірлерін қауіпке тіккендіктерін елестету мүмкін емес.

– Зауытта жұмыс жасап жүрген кезімде әскерге шақырту алып, жұмыстан шығу туралы арызымды жазып үлгерместен, борышымды өтеуге аттандым. Басында барлығымен бірдей әскери міндетімді өтеймін деген ойда болдық. 5-6 ай оқу-жаттығу жүргізілді. Дайындық жұмыстары өткізілді. Содан кейін ғана Ауған

жеріне барып, майданның ортасына тап болғанымызды білдік. Ең бірінші атыс орын алған кезде ғана бұның барлығы өте маңызды екендігіне көзім жетті. Көз алдымызда қаң, өлім орын алып жатты. Бұл жағдай бізді бірден есейтті. Қорқыныш сезім болғанымен, жастықтың, елім, жерім үшін деген ыстық жалынның арқасында барлығын еңсердік деп ойлаймын. Ендігі жастардың болашағы жарқын, тек бейбіт өмір болсын деп тілеймін, – дейді Ауған соғысының ардагері Нұрлан ҚАЛЕКЕНОВ.

Иә, қанды майданның қатысушыларының тілегі бір. Дегенменде жастардың әскер қатарынан қалмай, еліміздің қарулы күштерінің мықты болуы жастарға байланысты екендігін ардагерлер нақтылап өтті.

Шара соңында бас директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан НАҚПАЕВ замандастарына жүрек жарды тілегін арнап, алғыс хаттар мен сыйлықтарды табыс етті.

Зауыттағы мұнай-  
химия өндірісі



«Это победа  
всего коллектива!»

**ОБУЧЕНИЕ**

**В марте этого года планируется продолжить обучение работников завода программе Lean Six Sigma.**

Суть программы заключается в решении проблемных вопросов производства без финансовых затрат при помощи статистического анализа. Внедрение LSS в группах компаний КазМунайГаза началось в сентябре 2016 года, тогда же к обучению приступил АНПЗ. На сегодня обучение по методологии прошли более 100 работников ДЗО КазМунайГаза.

– В 2016-2023 годах на нашем заводе внедрены в производство 42 проекта с прямым экономическим эффектом 31 миллион тенге и косвенным экономическим эффектом более 1,8 миллиарда тенге, – рассказал заместитель начальника отдела технического сопровождения проектов/сертифицированный зеленый пояс Аскар САРСЕМБАЕВ.

Он отметил что с 2021 года наблюдается снижение количества проектов, внедренных в производство. В 2023 году реализуемых проектов было 13, в производство из них внедрены всего лишь два, а в этом году старт новых проектов не утвержден.

С этого года, в рамках той же программы КМГ, возобновится обучение программе Lean Six Sigma, на ежегодной основе оно будет проводиться до 2027 года.

– Сейчас мы ведем отбор кандидатов на обучение в марте. Оно займет пять дней и проходить будет либо в Аста-

## LSS в помощь нефтепереработчикам



не, либо в Алматы. Требования к кандидатам не сложные: нужно быть элементарным пользователем Excel, знать основные технологические процессы и получить рекомендации непосредственных начальников структурных подразделений, – говорит инженер технического отдела Азиза ГИЛИМГАЛИЕВА.

Обязательное условие: после обучения нужно отработать один проект по методологии Lean Six Sigma. В помощь обучившимся у технического отдела есть список проблемных производственных вопросов, которые можно взять за основу своей работы. Задачу можно решать в одиночку, а можно собрать команду из сотрудников требующейся вам квалификации для реализации проекта.

Есть мотивационная сторона – от сертифицированного зеленого менеджерского пояса до получения разового денежного вознаграждения за проект с положительным для завода финансовым эффектом и его внедрения на производстве.

Обучение проводит компания BMGI, которая ранее успешно организовывала его для сотрудников завода.

Первая группа отправится учиться уже в марте. И если вам стало интересно, то для уточнения вопросов можете позвонить по номеру 259-479.

Дерзайте, заводчане!

**ФОРУМ**

## Зауыттағы мұнай-химия өндірісі

**Атырау қаласында «ҚазМұнайГаз» АҚ ҰҚ және «Атамекен» ҰКП қолдауымен PetroPolymers & PetroChemicals-2024 форумы өтті. Іс-шараға ірі мұнай-газ және мұнай-химия компанияларының басшылары, шағын және орта бизнес өкілдері қатысты. Форумның спикерлері қатарында «АМӨЗ» ЖШС бас директоры Ғалымжан ЖУСАНБАЕВ та болды.**



Жиында отандық мұнай-химия саласындағы өзекті мәселелер мен жаңа жобалар, атап айтқанда Атырау қаласында полипропиленді қайта өңдеу бойынша шағын индустриялық аймақ құру және аймақ базасында шағын және орта бизнестің қатысуымен іске асатын жобалармен қатар полимерлерді өңдеу жобасын дамыту, сондай-ақ газ өңдеу зауытын іске қосу мәселелері талқыланды.

Ғалымжан Жусанбаев өз сөзінде Атырау мұнай өңдеу зауытында мұнай-химия өндірісін дамыту тәжірибесі туралы баяндады. 2015 жылы Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы мен Қазақстан Республикасының мұнай-химия өнеркәсібін дамыту бағдарламасы аясында АМӨЗ-де хош иісті көмірсутектерді өндіру кешені іске

қосылған болатын. Кешен отын және мұнай-химия режимдерінде жұмыс істейді. Отын режимі ішкі нарықты жоғары октанды бензинмен қамтамасыз ету үшін, ал мұнай-химия режимі жылына 133 мың тонна бензол және 496 мың тонна параксиллол өндіру мақсатында қолданылады. Бензол мен параксиллол мұнай-химия өнімдерің, соның ішінде капрон, пластмасса және пластмасса талшықтары, бояғыштар, ауыл шаруашылығында қолданылатын улы химикаттар, құрылыс және жиһаз өнеркәсібіне қажетті фенолформальдегидті шайыр, сондай-ақ дәрі-дәрмектер, еріткіштер және т.б өндіруде кеңінен пайдаланылатын бағалы шикізат саналады. Қазіргі кезде АМӨЗ Қазақстандағы бензол мен параксиллол шығарушы жалғыз кәсіпорын.

Ғалымжан Жусанбаев АМӨЗ-дің отандық мұнай-химия өндірісінің дамуына қосқан үлесін атай отырып, экологиялық қауіпсіздік пен еліміздің экспорттық әлеуетін кеңейту мәселелеріне де ерекше тоқталды.

«Хош иісті көмірсутектерді өндіру бойынша ауқымды жобаны жүзеге асыруға Axens және Uhde секілді өлемге әйгілі компаниялар қатысты. Аталған компаниялар енгізген мұнай-химия саласындағы озық технологиялар экологиялық қауіпсіздік пен өндірістің тиімділігін арттырды. Хош иісті көмірсутектерді өндіру кешенін іске қосу ішкі нарықты жоғары сапалы отынмен қамтамасыз етіп қана қоймай, Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта Атырау мұнай өңдеу зауытында шығарылатын бензол мен параксиллолдың барлық көлемі Қытай, Алжир, Ресей, Беларусь сияқты елдерге экспортталады», – деді Ғалымжан Жусанбаев.

Сөзін қорытындылай келе АМӨЗ басшысы еліміздің мұнай-химия саласын дамыту мақсатында зауыт инновациялық және тұрақты даму жолын жалғастыратынын атап өтті.

**ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ**

## АМӨЗ басшылығы ПКОП-қа барды

**Зауыттың бас директоры Ғалымжан Жусанбаев бастаған делегация «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС-ге (ПКОП) барды. Атыраулық әріптестерін серіктестік президенті Ерболат Қожабаев, бірінші вице-президент Цзян Жиюань мен техникалық жұмысшылар қарсы алды.**

Іссапардың негізгі мақсаты – кәсіпорынның қызметімен, технологиялық процестің ерекшеліктерімен, Раскінох жылу алмастырғыш жабдығының жұмысымен және құю эстакадасындағы мұнай өнімдерінің массасын өлшеу жүйесімен танысу. Қызметтік сапар аясында қонақтар зауыттың бірыңғай орталық операторлық бөлмесінде болып, әлеуметтік нысандарды аралады. ПКОП-тың білікті кадрларды даярлау және тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері де кеңінен талқыланды.

«ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС – отандық ірі мұнай өңдеу зауыттарының ішіндегі ең заманауи кәсіпорын. Зауыт Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың табысты жобаларының бірі саналады. Өндірістік процеске өңдеу мен өнім

шығару көлемін жыл сайын арттыруға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар кеңінен енгізілген.

Іссапар барысында АМӨЗ өкілдері ПКОП-тағы өндірістік мәдениет деңгейін, атап айтқанда: зауыт аумағындағы тазалық жұмыстарының уақытылы жүргізілуі, жаппай кеғалдандыру, қалдықтарды бөлек жинау, цехтардың айналасында металл қалдықтарының болмауы, құбырларды міндетті оқшаулау секілді тәжірибенің қалыптасқандығын ерекше атап өтті. АМӨЗ-де де мұндай тәжірибені енгізіп, зауыт жұмысшылары арасында өндірістік мәдениетті қалыптастыру қажет. Бұл өз кезегінде ұжымның ауызбіршілігін, ішкі тәртіпке бағынуың жауапкершілігін және әр қызметкердің өз жұмыс орнын тазалықта ұстауға деген құштарлығын талап етеді.



КОНКУРСЫ

## «Это победа всего коллектива!»

**Лучшей профсоюзной организацией в сфере безопасного труда по результатам тематического республиканского конкурса, прошедшего среди членских организаций Федерации профсоюзов Казахстана (ФПРК), признан профсоюз ТОО «АНПЗ».**

Федерацией профсоюзов 2023 год был объявлен Годом безопасного труда. Профсоюзная организация АНПЗ приняла участие в главном конкурсе ФПРК.

—Профком завода провел ряд мероприятий, затребованных условиями конкурса. И, как оказалось, не зря, — говорит заместитель председателя профкома завода БақытӨТЕБАЛЫ.

В конкурсе «Лучшая профсоюзная организация – лидер в сфере безопасного труда 2023 года», проведенном среди 18 профсоюзов химической, нефтехимической и родственных отраслей промышленности, конкурсная

комиссия признала работу профсоюза Атырауского нефтеперерабатывающего завода заслуживающей самой высокой награды.

**Председатель профсоюзного комитета ТОО «АНПЗ» Галимжан АМАНТУРЛИН** благодарит коллектив завода за создание безопасных условий труда на предприятии.

—Уважаемые коллеги, поздравляю весь коллектив Атырауского нефтеперерабатывающего завода с такой значимой победой в конкурсе. Считаю, что это очень высокое достижение 2023 года, получившее высокую оценку руководства республиканского комитета профсоюзов. Залогом этой победы стало недопущение в 2023 году случаев травматизма среди работников, профессиональных заболеваний и ДТП на территории завода. Желаю продолжить работу по безопасности труда на таком же высоком уровне и в 2024 году, — сказал Г. Амантурлин.



АРДАГЕРЛЕР-АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗ

## Сүйеу Тоқтабаев: «Зауытқа алғыстан басқа айтарым жоқ»

Әскер қатарынан оралып, күші бойында тасып тұрған жігіт Сүйеу жұмысы қызып жатырған сол кездегі Гурьев мұнай өңдеу зауытының қызметіне араласып кетеді. Ол 1968 жыл болатын. Дәл осы дата ардагер үшін ерекше. Себебі, осы жылы әскерден оралып, қызметке тұрып, және өмірлік жарын кездестіріп, шаңырақ көтереді.



бағындыруға кірісіп кетеді.

«Зауытта 31 жыл қызмет еттім. Басында қиын кездер болғанымен, жұмыстан қашпай, үйренетін жерде үйреніп алып, еңбек ете бердім. Біз Владимир Викторович Гафнер екеміз зауытқа шамалас уақыттарда келдік. Екеміз жастымыз. Ол кісінің еңбегі зор. Қызметкерлерге жаны аштың, адал басы болды білді. Алдына мәселемен барған кездері шешімсіз шықпайтынбыз. Сол кісінің басшылық еткен жылдары мен де үйлі болдым», — деп қара шаңыраққа естелікке толы көздерімен бір қарап, көрсетіп шықты.

Сүйеу ағамызға зауыттан хабарласып

тұрмыз, тілдесуге барамыз деген уақыттан бастап дауысынан сағыныш пен қуанышты қатар байқадық. Барған кезде де барлық естелігімен бөлісе отырып, отыз жылдан аса қызметте болған кәсіпорындағы жетістіктерін тілге тиек етті. Жинаған альбомдарын шығарып, балаша қуанып көрсетті.

«Әлі күнге дейін ұжыммен тығыз байланыстамыз. Қуаныш та да, қайғыда да демей бола білетін жандар жетерлік. Қоңырау шалып, ортамыздағы жалғыз «шал» сен аман бол деп саулығымды тілелітін жігіттер көп. Ризамын. Зауыт туралы тек жақсы естеліктер айтуға болады», — дейді жыммып.

Мұнай өңдеу зауытының дамуына үлес қоса жүріп Сүйеу Тоқтабаев жары Зоя Арыстановамен 4 ұл 1 қызды тәрбиелеп, өсіреді. Бүгінде 10 немере мен 4 шөберені бағып, ермек етіп отырған ата мен әже.

«Жолдасым Зоя екеуіміздің жас кезімізде көрген қиындығымыз көп. Сендерде ондай күндер болмасын. Көп жұмыс жасадық. Соның арқасында балаларымызды оқыттық, өсіріп, жетілдірдік. Қазір балам Саламат пен немерем Игорь да менің жолымды жалғап, зауыттың дамуына өз үлестерін қосуда», — деп нақтылады Сүйеу Тоқтабаев.

Ағамызбен әңгімелесе отырып, Тоқтабаевтардың зауыттағы тарихы өте ертеден басталғандығын білдік. Кейіпкеріміздің екі ағасы Жәрдем және Демей Тоқтабаевтар зауытта қызмет еткен. Сонымен қатар жеңгесі Назипа Дәулетова да кәсіпорында қызмет атқарған. Солардың жолымен Сүйеу ағамыз Гурьев мұнай өңдеу зауытының табалдырығын аттаған.

Сүйеу ағадан зауытпен байланысты естелігін сұрағанымызда, былай деп әңгімеледі: «Біз зауыттың арқасында киімнің түрін кидік, отбасымызды асырадық. Еңбекақымызды да жеп көрген емес. Сонымен қатар зауыттың акционері болдым. Компания өз акцияларына иелік ететін инвесторлармен пайданың бір бөлігімен бөлісіп отыратын. Бірде зауыттықтар акцияларын тапсырып жатыр дегенді естіп, бірге акцияны тапсырып содан алған қаржыға «Жигули» маркалы автокөлігіме отырған болатынмын».

Сүйеу ағамыз барлығының еңбекпен келетіндігіне сенімді. Балаларына да еңбексүйгіштікті үйреткен. Қасында алып жүріп, жұмысқа баулыдым деп атап өтті. Қазіргі жастарға да ешқандай кедергілерге қарамай білім алып, адал істі атқару жолынан таймауға кеңес берді.

Зауыттың қабырғасынан кеткелі 28 жыл болса да махаббатпен еске алып, ұжымдастырмен араласып, зейнеткерлер қоғамында белсенділік танытып келеді.



СІЗДЕР СҰРАДЫҢЫЗДАР – БІЗДЕР ЖАУАП БЕРЕМІЗ

### Медициналық сақтандыру: қайда жұмсаймыз?

Медициналық сақтандыруға арналған қаражат лимиті жеткіліксіз, мысалы, берілетін дәрі-дәрмектерді толық қамтуға, белгілі бір ауруларды емдеуге, тістерді протездеуге. Зауыт қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері үшін медициналық сақтандыру шеңберінде бөлінген соманы ұлғайту қарастырылған ба?

Электр цехының ұжымы

**Персоналды басқару бөлімінің жауабы:** 2021 жылғы сәуірде «Медикер-Жайық» ЖШС-мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына өзгерістер енгізілді, оның ішінде стоматология мен дәрі-дәрмек алуға арналған лимиттерді біріктіру бөлігінде. Қазіргі уақытта АМӨЗ қызметкерлері үшін медициналық сақтандыру бағдарламасының жалпы құны 172 371 теңгені құрайды, оның 130 000 теңгесі стоматология мен дәрі-дәрмектерге қарастырылған. Медициналық сақтандыруға қаражатты қосымша ұлғайту көзделмейді. «Медикер-Жайық» ЖШС-мен шарттың қолданылу мерзімі 31.12.2024 жылға дейін жарамды.

СПРАШИВАЛИ – ОТВЕЧАЕМ

### Медстраховка: на что потратить?

Лимита средств на медстрахование не хватает, к примеру, на полное покрытие выдаваемых лекарств, лечение определенных заболеваний, протезирование зубов.

Предполагается ли увеличить выделенную в рамках медицинского страхования сумму для сотрудников АНПЗ и их семей?

Коллектив электроцеха

**Ответ ОУП:** В апреле 2021 года в договор государственно-частного партнерства с ТОО «Медикер-Жайық» внесены изменения, в том числе в части объединения лимитов на стоматологию и получение лекарств. В настоящее время общая стоимость программы медстрахования для сотрудников АНПЗ составляет 172 371 тенге, из которых 130 000 тенге предусмотрены на стоматологию и лекарства. Дополнительного увеличения средств на медицинское страхование не предполагается.

Срок действия договора с ТОО «Медикер-Жайық» действителен до 31.12.2024 года.

**ИСТОРИЯ АНПЗ**

В следующем, 2025-м году, АНПЗ исполнится 80 лет. Предлагаем вам вспомнить самые яркие события и исторические факты из жизни нашего предприятия. В течение года мы будем рассказывать о замысле и ходе строительства завода, о людях, которые его строили, о первой переработанной нефти. Познакомим вас с интересными цифрами. И, конечно, напомним о достижениях и рекордах АНПЗ.

Трудная, но интересная судьба у завода. Он строился в годы Второй мировой войны по программе лендлиза и был введен в эксплуатацию осенью 1945 года.

Первоочередными объектами, вступившими в промышленную эксплуатацию, стали: водозаборная станция на реке Урал; теплоцентральный; электрические сооружения; водо-канализационные сети.

\* \* \*

Без учета времени на пусконаладочные работы, ТЭЦ и водозабор строились в течение года – это было большим успехом строителей. Строительство объектов за такое короткое время диктовалось стратегической необходимостью и требовало сверхчеловеческих усилий, выносливости, выдержки и умения. Все эти препятствия преодолевались за счет высокой организаторской деятельности руководителей строительства.

\* \* \*

Особое внимание руководство уделяло созданию жилищно-бытовых условий для строителей. Жилищный фонд в основном состоял из полуподвальных земляных помещений, размещался на территории нынешней базы, был огорожен колючей проволокой и охранялся специализированной службой. На территории имелась столовая на 2 000 человек, бани на 30 человек, прачечные и камеры дезинфекции. Обслуживающий персонал медсанчасти, мастера занимали такие же помещения, как все остальные работники.

# Как всё начиналось



В основном завод строили освобожденные из оккупационной зоны люди. На 1 января 1945 года их было 8 579 человек. В строительстве завода принимали участие люди 50 национальностей.

Состояние здоровья строителей было слабым. К примеру, из 2 980 депортированных крымских татар, прибывших в Гурьев в мае 1944, по данным медосмотра годными к тяжелому физическому труду были признаны 929 человек, к среднему – 1 144 человек, к легкому – 476 человек, остальные признаны больными.

Квалифицированный состав строителей, включая командный, тоже был слабым, не было необходимых для строительства специалистов. Руководство строительством испытывало серьезные трудности из-за массового дезертирства, за которое применялись различные меры наказания. В 1944 году были осуждены 92 человека на сроки от пяти до десяти лет и три человека приговорены к высшей мере наказания – расстрелу. В 1945 году были

осуждены 1 064 человека, из них 25 человек на один год, остальные – на разные сроки.

\* \* \*

На строительстве завода применялась американская техника, некоторые образцы впервые в СССР: электросварочные агрегаты “Линкольн”, центробежные насосы с индивидуальными двигателями, пневматические подъемники, трактора “Катир-Пилляр”, англорезы “Петурно”, смонтированные на тракторах

“Корилпеллер”, компрессоры “Чикаго пневматик”, бетономешалки “Егер” с индивидуальными двигателями, краны “Кайтсотон” грузоподъемностью 15 020 тонн, паровые двухбортные лебедки “Клад”, универсальные деревообрабатывающие станки “Монорк”, лебедки “Сулен” с индивидуальными двигателями, краны-экскаваторы “Марион”, приборы для центровки труб при сварке, гидравлические станки, пневматические машинки, зажи-

## Факты и цифры

При строительстве завода использовалось более **200** наименований американской техники

За период строительства завода объем земляных работ составил **1 млн 520 тысяч** кубических метров

Смонтировано **1 300** тонн металлоконструкций, **10 200** тонн оборудования; **372** насоса и газокompрессора

Установлен **261** двигатель и **21** турбогенератор

Уложено: **311** км трубопроводов, **358** км электромонтажных и телефонных сетей


В 1944 году на строительстве работало **7 228** человек

Подготовлено и обучено: **1 965** строителей, **290** плотников, **100** каменщиков, **100** монтажников, **50** электриков, **100** шоферов, **20** машинистов кранов

В течение 1944 года умерли **548** и дезертировали **1 543** человека

Построено **14** землянок вместимостью **200** человек каждая

Пищу готовили в **семи** чугунных котлах емкостью по **700** литров



мы для тросов, шлифовальные машинки, индивидуальные металлические хомуты для опалубки колонн, различные режущие инструменты для металла и др.

Особое внимание руководство уделялось вопросу подготовки специалистов для строительства завода №441. С начала 1944 года усиленная работа по подготовке слесарей, электромонтеров, сварщиков, кузнецов, плотников, каменщиков, монтажников, электриков, шоферов, машинистов кранов, строителей велась на производствах союзных республик и непосредственно на заводе. Кокандский нефтяной техникум, например, направил в г. Гурьев четверых монтеров по КИП.

Большую помощь в строительстве завода оказали шефы-монтажники, прибывшие из США: Вулке, Коррена, Кросби, Мак-Карди, Патриджа, Формеля, Фостера, Фуллера.

Американские специалисты оказывали помощь в строительстве и вводе оборудования в эксплуатацию на четырех НПЗ: в Гурьеве, Красноводске, Куйбышеве, Орске.

«НОВАТОР» басылымы №4.  
23 ақпан 2024 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
060001, Атырау қ.,  
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1  
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/б.  
Байланыс нөмірі:  
50-51-46, 51-41-99.  
Тиражы: 1500 дана.  
Тапсырыс №30.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ  
бастығы – Ш. Какимжанова.  
Caspian News ЖШС:  
жетекшісі – К. Кертаяев.  
Редакторлар – И. Козонова,  
А. Қабдешова.  
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет  
Қазақстан Республикасының  
баспасөз және бұқаралық ақпарат  
министрлігінде 1992 жылғы  
27 мамырда тіркеліп,  
тіркеу туралы  
№790 күәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама  
материалдары мен  
хабарландырулар,  
құттықтаулар және көңіл айту  
мазмұнына жауап бермейді.

**НОВАТОР**